

Ластағыштардың шығарындылары мен көшірілуінің тіркелімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 31 тамыздағы № 346 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 қыркүйекте № 24214 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 22-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ластағыштардың шығарындылары мен көшірілуінің тіркелімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. "Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 10 маусымдағы № 241 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13968 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі*

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің
2021 жылғы 31 тамыздағы
№ 346 бұйрығымен
бекітілген

Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 22-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және ластағыштардың шығарындылары мен көшірілуінің тіркелімін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімі – әркімнің экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету, жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануын болғызбау мен қысқартуға жәрдемдесу мақсатында жүргізілетін ресми интернет-ресурста ашық қолжетімділікте орналастырылған, ластағыш заттардың қоршаған ортаға эмиссияларының жай-күйі және қоршаған ортаның ластану деңгейлері туралы құрылымданған электрондық дерекқор;

"ластағыш" термині өздерінің қасиеттеріне орай және осындай заттарды қоршаған ортаға енгізу салдарынан қоршаған ортаға немесе адамның өміріне және (немесе) денсаулығына зиянды болуы мүмкін және Қағидаларында белгіленген өнеркәсіп салалары бойынша есептілік үшін ластағыштардың тізбесіне енгізілген затты немесе заттар тобын білдіреді;

"шығарынды" термині қандай да бір қызмет нәтижесінде, оның әдейі немесе авариялық, жоспарлы немесе жоспардан тыс болып табылатын-табылмайтынына қарамастан, ластағыштардың қоршаған ортаға кез келген енгізілуін, оған қоса жер бетіне және су объектілеріне төгілуін, атмосфералық ауаға эмиссияны, ластағыштардың су объектілеріне ағызылуын, ластағыштардың жер қойнауына айдалуын, қалдықтардың көмілуін немесе олардың жер бетінде не сарқынды суларды түпкілікті тазартусыз кәріз жүйесі арқылы орналастырылуын білдіреді;

"көшіру" термині жоюға немесе қалпына келтіруге арналған ластағыштардың немесе қалдықтардың, сондай-ақ тазартуға арналған сарқынды сулар құрамындағы ластағыштардың объект шегінен тыс жерге орын ауыстыруын білдіреді;

"объект" термині сол бір тұлғаның меншігіндегі немесе сол бір тұлға пайдаланатын сол бір учаскедегі немесе іргелес учаскелердегі бір немесе бірнеше өнеркәсіптік қондырғыны білдіреді;

2-тарау. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімін жүргізу тәртібі

3. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімі:

1) стационарлық ұйымдастырылған көздер бойынша есептілікке қатысты нақты объектілерге байланыстырыла отырып;

2) ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімін жүргізу қағидаларында белгіленген өнеркәсіп салалары бойынша есептілік үшін ластағыштардың тізбесіне сәйкес ластағыштың әрбір түрі және қалдықтардың әрбір түрі бойынша жеке-жеке;

3) нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларды айқындау негізінде жүргізіледі.

Қоршаған ортаға эмиссияларды анықтаудың нұсқаулық-әдістемелік құжаттарын, оның ішінде ауыр металдар мен төзімді органикалық ластағыш заттар эмиссияларын есептеу әдістемесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімін жүргізуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ластағыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімін реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйым жүзеге асырады.

4. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес баяндалған қызмет түрлерін жүзеге асыратын операторлар жыл сайын 1 сәуірге дейін өткен күнтізбелік жыл үшін Қазақстан Республикасының ластағыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркеліміне есептілік ұсынады.

Осындай ақпарат тиісті болатын күнтізбелік жыл есепті жыл болып табылады.

5. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркеліміне шығарындылары атмосфераға, суға және жерге стационарлық және диффузиялық көздерден жүзеге асырылатын ластағыштар бойынша ақпарат, сондай-ақ қалдықтарды көшіру жөніндегі ақпарат ұсынылады.

6. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркеліміне деректерді ұсыну осы Қағидалардың 1-қосымшасында белгіленген өндіріс қуаты үшін қабылданған шекті мәндері бар ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркеліміне есептілікті ұсыну туралы талаптар қолданылатын қызмет түрлері бойынша және Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген өнеркәсіп салалары (қызмет түрлері) бойынша есептілік үшін ауаға шығарындылардың шекті мәндері бар ластағыштардың тізбесі) жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 13.05.2026 № 88 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркеліміне ақпаратты операторлар ластағыштардың шығарылуы мен көшірілу тіркелімінің ақпараттық жүйесіндегі есептілік нысанын толтыру және осы нысанға тиісті оператор өзінің атынан көрсетілген тіркелімге ақпарат беруге уәкілеттік берілген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қою арқылы береді.

8. Оператор есепті ақпарат өздерінің көмегімен алынған деректерді, сондай-ақ деректерді жинаудың пайдаланылған әдіснамасының сипаттамасын тиісті есепті жылдың соңынан бастап бес жыл бойы сақтауға тиіс.

9. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркеліміне есеп беру үшін ақпарат ұсынылады:

1) стационарлық көздер бойынша – осы Қағидалардың 3-қосымшасында белгіленген бір немесе одан да көп қызмет түрлері объектілерінің операторлары;

2) диффузиялық көздер бойынша – жергілікті атқарушы органдар Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес жүзеге асырады.

10. Объектілер операторлары Қағидалардың 3-қосымшаға сәйкес есепті жылы объектіден тыс көшірілген қалдықтар саны бойынша деректерді ұсынады.

11. Ластағыштардың шығарындылары және/немесе ластағыштардың/қалдықтардың тасымалдануы туралы есептілік ластағыштардың шығарылуын және/немесе ластағыштардың/қалдықтардың тасымалдануын жүзеге асыратын әрбір өндірістік алаң бойынша бөліп ұсынылады.

12. Әрбір өндірістік алаң бойынша ұсынылатын стационарлық көздерден ластағыштардың шығарындылары аспаптық өлшеулер мен есептеу әдістері негізінде айқындалады.

13. Объектілердің операторлары қасақана немесе авариялық, жоспарлы немесе жоспардан тыс болып табылатынына қарамастан, кез келген антропогендік қызмет нәтижесінде ластағыштардың шығарындылары бойынша деректерді ұсынады.

Жоспардан тыс және төтенше шығарындылар штаттан тыс жағдайлар нәтижесінде шығарындылар деп аталады.

14. Табиғи құбылыстардың нәтижесі болып табылатын шығарындылар бойынша есептілік ұсынылмайды.

15. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркеліміне берілетін әрбір объект туралы ақпаратта:

1) есептілік ұсынылатын объектінің атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, географиялық орналасқан жері (объектінің координаттары) және қызмет түрі немесе түрлері, сондай-ақ бірінші басшының аты және тегі;

2) есептілік ұсыну талап етілетін әрбір ластағыштың атауы және сәйкестендіру нөмірі;

3) объектіде шығарылуы жүзеге асырылған әрбір ластағыштың есепті жылдағы саны (жиынтық, сондай-ақ ластағыштарды жер қойнауына айдауды қоса алғанда, ауаға, суға немесе жерге шығарылуы бойынша бөлшектелген саны);

4) қауіпті және қауіпті емес қалдықтар арасында аражікті белгілеп, тиісінше "В" немесе "У" белгілерін көрсете отырып (қалдықтардың қалпына келтіруге немесе жоюға арналғанына қарай), есепті жылы объектінің шегінен тыс жерге көшірілген қалдықтардың саны (қауіпті қалдықтар үшін объектінің шегінен тыс жерге көшіру жылына екі тоннадан немесе қауіпті емес қалдықтар үшін жылына екі мың тоннадан асқан жағдайда), сондай-ақ қауіпті қалдықтарды трансшекаралық көшіру кезінде – қалдықтарды қалпына келтіруді немесе жоюды жүзеге асыратын субъектінің атауы мен мекенжайы, өзіне көшірілген ластағыштар түсетін объектінің географиялық орналасқан жері;

5) есептілік ұсыну талап етілетін және есепті жыл ішінде объектінің шегінен тыс жерге көшірілген сарқынды сулардағы әрбір ластағыштың саны;

6) ақпараттың өлшемдерге, есеп-терге немесе бағалауларға негізделген-негізделмегенін көрсете отырып, ластағыштар мен қалдықтардың саны туралы ақпарат алу үшін пайдаланылған әдіснаманың типі қамтылуға тиіс.

2-тарау. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімінің ақпаратын тарату

16. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жұртшылықтың ластағыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркеліміне қолжетімділігін әрбір есепті жыл аяқталған кезден бастап он бес айдан кешіктірмей қамтамасыз етеді.

17. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркеліміне стационарлық және диффузиалық көздер туралы ақпарат жариялау Қағидалардың 3 және 4-қосымшаға сәйкес көздердің барлық санаттары, ластағыштардың әрбір түрі және қалдықтардың түрі бойынша жүзеге асырылады.

18. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімі жөніндегі деректер уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымының интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте жарияланады.

19. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімінде ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуін іздестіру және оларды:

- 1) объект және оның географиялық орналасқан жері;
- 2) қызмет түрі;
- 3) объектінің операторы;
- 4) ластағыш және (немесе) қалдықтар;
- 5) шығарынды жүзеге асырылатын қоршаған ортаның әрбір құрауышы;

б) ластағыштарды көшірудің соңғы пункті және тиісті жағдайларда қалдықтарды жою немесе қалпына келтіру жөніндегі операциялардың түрлері бойынша сәйкестендіру мүмкіндігін көздеуге тиіс.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

20-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 13.05.2026 № 88 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жұртшылықтың ластағыштардың шығарындылары мен көшірілуінің тіркелімінде қамтылған ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуі болмаған жағдайларда, уәкілетті орган мыналарды қамтамасыз етеді:

"экологиялық ақпарат беру" мемлекеттік қызметі арқылы";

сұрау салу бойынша тиісті сұрау салуды алғаннан кейін күнтізбелік бір айдан кешіктірмей ұсыну;

жұртшылық үшін қолжетімді орындарда (уәкілетті органның аумақтық органдарында) ластағыштардың шығарындылары мен тасымалдары тіркелімінің деректеріне электрондық қолжетімділікті ұйымдастыру.

21. Ластағыштардың шығарындылары мен көшірілуінің тіркелімінің деректерін ұсынғаны үшін төлем алынбайды.

22. Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімінің деректері ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімі енгізілген сәттен бастап кемінде алдыңғы он есептік жыл үшін жұртшылыққа қолжетімді болуға тиіс.

23. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы есепті кезеңде Ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімін деректеріне жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз еткеннен кейін алты ай өткен соң Қазақстан Республикасының ластағыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімін жүргізу нәтижелері бойынша ақпараттық шолуды жариялайды.

24. Қазақстан Республикасының ластағыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімін жүргізу нәтижелері бойынша ақпараттық шолу мынадай ақпаратты қамтиды:

стационарлық көздер бойынша ұсынылған есептер саны;

ластағыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркеліміне деректер ұсынылған стационарлық көздер саны;

шығарындылар көздерінің барлық санаттары бойынша бөлінген есептілік ұсынылған ластағыштардың саны;

шығарындылар көздерінің барлық санаттары бойынша бөлінген есептілік ұсынылған ластағыштардың жылдық шығарындылары (салмағы) ;

көшіру бойынша қалдықтардың қауіпті және қауіпсіз түрлері және басқалары бойынша бөлінген есептілік ұсынылған қалдықтардың саны.

25. Олардың көмегімен есептік ақпарат алынған деректер туралы бастапқы құжаттаманы сақтау тиісті есепті жылдың соңынан бастап бес жыл ішінде жүзеге асырылады.

Ластағыштардың шығарылуы
мен көшірілуінің тіркелімін
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Өндіріс қуаты үшін қабылданған шекті мәндері бар ластағыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркеліміне есептілікті ұсыну туралы талаптар қолданылатын қызмет түрлері

№ п/п	Қызмет түрі	Қуаттың шекті мәні
1	2	3
1	Энергетика	
1-1	Мұнай өңдеу және газ өңдеу зауыттары	*
1-2	Газдандыруға және сұйылтуға арналған стационарлық көздер	*
1-3	Жылу электр станциялары және өртеуге арналған басқа да стационарлық көздер	берілетін жылу қуаты 50 мегаватт (МВт)
1-4	Электр энергиясын тасымалдау	*
1-5	Кокс пештері	*
1-6	Көмір диірмендері	қуаты сағатына 1 т
1-7	Көмір-химия өнімдерін және қатты түтінсіз отынды өндіруге арналған стационарлық көздер	*
2	Металдарды өндіру және өңдеу	
2-1	Металл кендерін (сульфидті кенді қоса алғанда) күйдіруге немесе агломерациялауға арналған стационарлық көздер)	*
2-2	Үздіксіз құюды қоса алғанда, қайта өңделген шойын немесе болат (бастапқы немесе қайталама балқыту) өндіруге арналған стационарлық көздер	өнімділігі сағатына 2,5 т
	Қара металдарды өңдеуге арналған стационарлық көздер:	

2-3	Ыстықтай илектеу орнақтары	қуаты сағатына 20 тонна шикі болат
	ұсталық балғалар	олардың энергиясы бір балға 50 килоджоуль, ал тұтынылатын жылу қуаты 20 МВт-тан асады
	қорғаныштық Шашыратылған металл жабындарды жағу	сағатына 2 т шикі болат берумен
2-4	Қара металдарды құюға арналған зауыттар	өндірістік қуаты күніне 20 т
2-5	Үшін стационарлық көздер:	
	кеннен, концентраттардан немесе қайталама шикізат материалдарынан металлургиялық процестер арқылы қара түсті металдар өндірісі	*
	Түсті металдарды, оның ішінде рекуперацияланған өнімдерді (рафинадтау, Қю өндірісі) легирлеуді қоса алғанда, балқыту)	қорғасын мен кадмий үшін күніне 4 т немесе барлық басқа металдар үшін күніне 20 т балқыту қуатымен
2-6	Электролиттік немесе химиялық процестерді пайдалана отырып, металдар мен пластикалық материалдарды беттік өңдеуге арналған стационарлық көздер	өңдеу үшін пайдаланылатын күбілердің сыйымдылығы 30 м3 құрайды
3	Минералды шикізатты қайта өңдеу өнеркәсібі	
3-1	Жерасты тау-кен жұмыстары және олармен байланысты операциялар	*
3-2	Ашық кен өндіру	игерілетін учаскенің беткі ауданы 25 гектар
3-3	Өндіріске арналған стационарлық көздер:	
	айналмалы күйдіру пештеріндегі цемент клинкер	өндірістік қуаты күніне 500 т
	айналатын күйдіру пештеріндегі әк	өндірістік қуаты күніне 50 тоннадан асатын
	цемент клинкер немесе басқа пештердегі әк	өндірістік қуаты күніне 50 т
3-4	Асбест өндіруге және құрамында Асбест бар өнімдерді дайындауға арналған стационарлық көздер	*
3-5	Шыны талшығын қоса алғанда, шыны өндіруге арналған стационарлық көздер	балқыту қуаты күніне 20 т
3-6	Минералдық талшықтар өндірісін қоса алғанда, минералдық заттарды балқытуға арналған стационарлық көздер	балқыту қуаты күніне 20 т

3-7	Керамикалық өнімдерді, атап айтқанда шатыр жабындарын, кірпішті, отқа төзімді кірпішті, керамикалық плиткаларды, тас керамиканы немесе фарфор бұйымдарын күйдіру арқылы өндіруге арналған тұрақты көздер	өндірістік қуаты күніне 75 т немесе күйдіру пештерінің көлемі 4 м3 және күйдіру пешіне арналған тордың тығыздығы 300 кг/м3
4	Химия өнеркәсібі	
4-1	<p>Сияқты негізгі органикалық химиялық заттарды өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған химиялық стационарлық көздер:</p> <p>қарапайым көмірсутектер (сызықтық немесе циклдік, қаныққан немесе қанықпаған, алифаттық немесе хош иісті);</p> <p>спирттер, альдегидтер, кетондар, карбон қышқылдары, күрделі эфирлер, ацетаттар, жай эфирлер, пероксидтер, эпоксидті шайырлар сияқты құрамында оттегі бар көмірсутектер;</p> <p>күкіртті көмірсутектер;</p> <p>аминдер, амидтер, азот қосылыстары, нитrosoқосылыстар немесе нитратты қосылыстар, нитрилдер, цианаттар, изоцианаттар сияқты азотты көмірсутектер;</p> <p>құрамында фосфор бар көмірсутектер;</p> <p>галогенделген көмірсутектер;</p> <p>органометаллдық қосылыстар;</p> <p>негізгі пластикалық материалдар (полимерлер, синтетикалық талшықтар және целлюлоза негізіндегі талшықтар);</p> <p>синтетикалық каучук;</p> <p>бояулар мен пигменттер;</p> <p>беттік-белсенді заттар;</p>	*
	<p>Сияқты негізгі бейорганикалық химиялық заттарды өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған химиялық стационарлық көздер:</p> <p>аммиак, хлор немесе хлорлы сутегі, фтор немесе фторлы сутегі, көміртек оксидтері, күкірт қосылыстары, азот оксидтері,</p>	*

4-2	сутегі, күкірт диоксиді, көміртегі хлор тотығы сияқты газдар;	*
	хром қышқылы, фторсутекті қышқыл, фосфор қышқылы, азот қышқылы, Хлорсутекті қышқыл, күкірт қышқылы, олеум, күкірт қышқылы сияқты қышқылдар;	
	аммоний гидрототығы, калий гидрототығы, натрий гидрототығы сияқты сілтілер;	
	аммоний хлориді, калий гипохлор қышқылы, калий көмірқышқыл газы, натрий көмірқышқыл газы, перборат, күміс азот қышқылы сияқты тұздар;	
	металл емес, металл оксидтері немесе кальций карбиді, кремний, кремний карбиді сияқты басқа да бейорганикалық қосылыстар;	
4-3	Фосфорлы, азотты немесе калийлі минералды тыңайтқыштарды (қарапайым немесе күрделі тыңайтқыштарды) өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған химиялық стационарлық көздер);	*
4-4	Өсімдік шаруашылығы мен биоцидтерге арналған негізгі өнімдерді өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған химиялық стационарлық көздер;	
4-5	Негізгі фармацевтикалық өнімдерді өнеркәсіптік ауқымда өндіру үшін химиялық немесе биологиялық процестерді пайдаланатын стационарлық көздер;	
4-6	Жарылғыш заттар мен пиротехникалық өнімдерді өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған стационарлық көздер.	
5	Қалдықтар мен саркынды суларды басқару	
5-1	Қауіпті қалдықтарды өртеуге, пиролиздеуге, рекулперациялауға, химиялық өңдеуге немесе көмуге арналған стационарлық көздер	күніне 10 тонна түседі
5-2	Коммуналдық-тұрмыстық қалдықтарды жағуға арналған стационарлық көздер	өнімділігі сағатына 3 т

5-3	Қауіпсіз қалдықтарды жоюға арналған стационарлық көздер	өнімділігі күніне 50 т
5-4	Полигондар (инертті қалдықтар полигондарын қоспағанда)	күніне 10 тонна немесе жалпы сыйымдылығы 25 000 тонна
5-5	Үй жануарларының ұшалары мен мал шаруашылығы қалдықтарын жоюға немесе қайта өңдеуге арналған стационарлық көздер	қайта өңдеу қуаты күніне 10 т
5-6	Саркынды суларды тазалауға арналған қалалық стационарлық көздер	өнімділігі 100 000 адам халық санына баламалы
5-7	Осы қосымшада санамаланған қызмет түрлерінің біреуіне немесе бірнешеуіне қызмет көрсететін саркынды суларды тазартуға арналған дербес пайдаланылатын стационарлық көздер	өнімділігі күніне 10000 м3
5-8	Ремедиация, топырақты рекультивациялау	10 м3 немесе 0,01 га
5-9	Суды қабатқа айдау көлемі (м3)	*
6	Қағаз және ағаш өндіру және өңдеу	
6-1	Сүректен немесе ұқсас талшықты материалдардан целлюлоза өндіруге арналған өнеркәсіптік стационарлық көздер;	*
6-2	Қағаз бен картонды және ағаштан жасалған басқа да бастапқы өнімдерді (картон, ағаш талшықты тақталар және фанера сияқты) өндіруге арналған стационарлық көздер)	өндірістік қуаты күніне 20 т
6-3	Сүрек және сүректен жасалған бұйымдарды химикаттармен өңдеуге арналған стационарлық көздер	өндірістік қуаты күніне 50 м3
7	Қаркынды мал шаруашылығы және аквакультура	
7-1	Құстарды немесе шошқаларды қаркынды өсіруге арналған стационарлық көздер	i) 40 000 құс орны; ii) бордақыланатын шошқаларға арналған 2 000 орын (салмағы 30 кг жоғары); iii) мегежіндерге арналған 750 орын;
7-2	Қаркынды аквакультура	Жылына 1 000 т балық және моллюскалар
8	Тамақ өнімдері мен сусындар өндіру секторынан алынатын мал	

	шаруашылығы және Өсімдік шаруашылығы өнімдері	
8-1	Қасапхана	қуаттылығы күніне 50 т ұшаны қайта өңдеу
8-2	Тамақ өнімдері мен сусындарды өндіру мақсатында өңдеу және қайта өңдеу:	
	мал шикізаты (сүттен басқа)	дайын өнімді өндіру бойынша қуаты күніне 75 т
	өсімдік шикізаты	күніне 300 т дайын өнім өндіру бойынша қуатпен (тоқсандық негізде орташа көрсеткіш)
8-3	Сүтті өңдеу және қайта өңдеу	бұл ретте келіп түсетін сүт мөлшері күніне 200 т құрайды (жыл сайынғы негізде орташа көрсеткіш)
9	Қызметтің өзге де түрлері	
9-1	Алдын ала өңдеуге арналған стационарлық көздер (жуу, ағарту, мерсеризация сияқты операциялар) немесе талшықты немесе тоқыманы бояу	өңделетін материалдардың көлемі күніне 10 т құрайды
9-2	Тері мен теріні илеуге арналған тұрақты көздер	өңдеу көлемі күніне 12 тонна өңделген өнімді құрайды
9-3	Органикалық еріткіштерді қолдана отырып, заттарды, заттарды немесе өнімдерді беттік өңдеуге арналған стационарлық көздер, атап айтқанда әрлеу, басып шығару, жабу, майсыздандыру, гидроокшаулау, калибрлеу, бояу, тазарту немесе сіндіру үшін	өндірістік қуаты сағатына 150 кг немесе жылына 200 т
9-4	Күйдіру немесе графиттеу жолымен көміртекті (табиғи коксты) немесе электрографитті өндіруге арналған стационарлық көздер	*
9-5	Кемелерді салуға және бояуға немесе бояуларды жоюға арналған стационарлық көздер	ұзындығы 100 м кемелер үшін өндірістік мүмкіндіктері бар

"*" Белгісі қызметтің осы түріне өнімділіктің шекті мәні қолданылмайтынын білдіреді (есептілікті ұсыну туралы талап өндіріс қуатына қарамастан барлық объектілерге қолданылады).

Ластағыштардың шығарылуы
мен көшірілуінің тіркелімін
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

7	1	Металл емес ұшпа органикалық қосылыстар (НМЛОС)	100 000	100 000	100 000	100 000	100 000	100 000		
8	1	Азот оксидтері (NOX / NO2)	100 000	100 000	100 000	100 000	100 000	100 000	100 000	100 000
9	1	Перфторкөміртегер (ПФУ)		100		100	100			
10	1	2551-62-4 Күкірт гексафториді (алтыфторлы күкірт, SF6)	50							
11	1	Күкірт оксидтері (SOX)	150 000	150 000	150 000	150 000	150 000		150 000	

			/ SO2)						150 000		
12	1		Гидрохлорфторкөміртегер (ГХФУ)	1	1	1	1	1	1	1	1
13	1		Құрамында галогені бар көмірсутектер	1	1	1	1	1	1	1	1
14	2	7440-38-2	Мышық және оның қосылыстары (Аз-қа қайта есептегенде)	20	20	20	20	20			
15	2	7440-43-9	Кадмий және оның қосылыстары (Сд-ге қайт	10	10	10		10			

			а есеп теге нде)				10				
16	2	7440 -47- 3	Хро м жән е оны ң қос ылы стар ы (Сг-г е қайт а есеп теге нде)	100	100	100	100	100			
17	2	7440 -50- 8	Мыс жән е оны ң қос ылы стар ы (Сu-ғ а қайт а есеп теге нде)	100	100	100	100	100			
18	2	7439 -97- 6	Сын ап жән е оны ң қос ынд ыла ры (Hg қайт а есеп теге нде)	10	10	10	10	10			

22	3	309-00-2	Альдрин				1	1			
23	3	57-74-9	Хлордан				1	1			
24	3	143-50-0	Хлордекон				1	1			
25	4	50-29-3	Дихлордифенилтрихлорэтан ДДТ				1	1			
26	4	107-06-2	1,2-дихлорэтан (ДХЭ)				1 000	1 000			
27	4	75-09-2	Дихлорметан (ДХМ)				1 000	1 000			
28	4	60-57-1	Дилдрин				1	1			
29	4	72-20-8	Эндрин				1	1			
30	4	76-44-8	Гептахло́р				1	1			
31	4	118-74-1	Гексахло́рбензол (ГХБ)				10	10			
32	4	608-73-1	1,2,3,4,5,6-гексахлорциклогекса					10			

48	5	120-12-7	Антрацен	50	50	50	50	50			
49	5	71-43-2	Бензол	1 000	1 000	1 000	1 000	1 000			
50	5	75-21-8	Оксид этилена				1 000	1 000			
51	5	91-20-3	Нафталин	10	10	10	100	100			
52	5	117-81-7	Ди-(2-этилгексил)фталат (ДЭГФ)				10	10			
53	5		Полциклді хош иісті көмірсутектер (ПАУ)* **	50	50	50	50	50			
54	6		Хлоржәне оның Бейорганикалық қосылыстары (НСІ-ге қайтасесп					10 000			

			теге нде)				10 000					
55	6	1332 -21- 4	Асб ест			1	1	1				
56	6		Фто р жән е оны ң Бей орга ника лық қос ылы стар ы (HF қайт а есеп теге нде)		5000	5000	5 000	5 000				
57	6	74- 90-8	Сут егі циа ниді (НС N)		200	200	200	200				
58	6		PM1 0 өлш енге н бөл шек тері	50 000	50 000	50 000	50 000	50 000	50 000	50 000	50 000	50 000

*

Химиялық заттардың санаттары: 1-газ тәрізді заттар, 2-улы металдар, 3 – пестицидтер, 4-құрамында хлор бар органикалық заттар/параметрлер, 5-басқа органикалық заттар / параметрлер (антрацен, бензол, ПАУ), 6 – басқа бейорганикалық заттар/параметрлер (сутегі цианиді, азоттың жалпы мөлшері, PM10, хлоридтер)

CAS бойынша нөмір * * - химиялық реферативтік қызмет тізіліміне енгізілген химиялық қосылыстардың, полимерлердің, нуклеотидтердің немесе амин қышқылдарының биологиялық

2	2	7440 -43- 9	оны ң қос ылы стар ы (Cd түрі ндег і)	5	5	5	5	5			
3	2	7440 -47- 3	Хро м жән е оны ң қос ылы стар ы (Cr түрі ндег і)	50	50	50	50	50			
4	2	7440 -50- 8	Мыс жән е оны ң қос ылы стар ы (Cu түрі ндег і)	50	50	50	50	50			
5	2	7439 -97- 6	Сын ап жән е оны ң қос ылы стар ы (Hg түрі ндег і)	1	1	1	1	1			
			Ник ель								

6	2	7440-02-0	және оның қосылыстары (Ni түріндегі)	20	20	20	20	20				
7	2	7439-92-1	Қорғасын және оның қосылыстары (Pb түріндегі)	20	20	20	20	20				
8	2	7440-66-6	Мырыш және оның қосылыстары (Zn түріндегі)	100	100	100	100	100				
9	3	15972-60-8	Ала хлор				1	1				
10	3	309-00-2	Аль дри н				1	1				
11	3	1912-24-9	Атр азин				1	1				
12	3	57-74-9	Хло рдан				1	1				

13	3	143-50-0	Хлордекон				1	1			
14	3	470-90-6	Хлорфенифос				1	1			
15	4	85535-84-8	Хлороалкандар (С10-С13), қысқатізбекті хлордалған парафиндер				1	1			
16	4	2921-88-2	Хлорпирифос				1	1			
17	4	50-29-3	Дихлордифенилтрихлорэтан ДДТ				1	1			
18	4	107-06-2	1,2-дихлорэтан (ДХЭ)				10	10			
19	4	75-09-2	Дихлорметан (ДХМ)				10	10			
20	4	60-57-1	Дилбдрин				1	1			

21	4	330-54-1	Диурон				1	1			
22	4	115-29-7	Эндосульфан				1	1			
23	4	72-20-8	Эндрин				1	1			
24	4		Галогенделген органикалық қосылыстары (тұтылатын органикалық АОГ галогенидтерге қайта еспеу)				1000	1000			
25	4	76-44-8	Гептахлор				1	1			
26	4	118-74-1	Гексахлорбензол (ГХБ)				1	1			
27	4	87-68-3	Гексахлорбутадиең (ГХБД)				1	1			
			1,2,3,								

28	4	608-73-1	4,5,6 - гекс ахло рци клог екса н (ГХ ЦГ)				1	1			
29	4	58-89-9	Лин дан				1	1			
30	4	2385-85-5	Мир екс				1	1			
31	4		Пол ихл орд ибе нзод иокс инд ар (ПХ ДД), пол ихл орд ибе нзо фур анда р (ПХ ДФ) / дио ксин дар, фур анда р				0,001	0,001			
32	4	608-93-5	Пен тахл орбе нзол				1	1			
33	4	87-86-5	Пен тахл орф енол (ПХ Ф)				1	1			

34	4	1336-36-3	Пол илх орда нған диф енил дар (ПХ Д)				0,1	0,1			
35	4	122-34-9	Сим азин				1	1			
36	4	8001-35-2	Ток сафе н				1	1			
37	4	75-01-4	Вин илх лор ид				10	10			
38	5	120-12-7	Ант раце н				1	1			
39	5	71-43-2	Бенз ол				200 (200 (в БТЭК-қа БТЭК-қа қайта қайта еспетеу) * еспетеу) * ***				
40	5		Бро мда лған диф енил ды эфи рлер (БДЭ)				1	1			
41	5		Нон илф енол эток сила ттар (НФ / НФ Э) жән е оны мен					1			

54	5	1582-09-8	Трифлуралин				1	1			
55	5	1330-20-7	Ксиллодар				200 (БТЭК-қа қайта есептеу) ***	(200 (БТЭК-қа қайта есептеу) *) ***			
56	6		Хлоридтер (С1 қайта есептеу)				2 000 000	2 000 000			
57	6	1332-21-4	Асбест				1	1			
58	6		Цианиды (СN қайта есептеу)				50	50			
59	6		Фториды (F қайта есептеу)				2 000	2 000			

*- Химиялық заттардың санаттары: 1-газ тәрізді заттар, 2-улы металдар, 3 – пестицидтер, 4-құрамында хлор бар органикалық заттар/параметрлер, 5-басқа органикалық заттар / параметрлер (антрацен, бензол, ПАУ), 6 – басқа бейорганикалық заттар/параметрлер (сутегі цианиді, азоттың жалпы мөлшері, РМ10, хлоридтер)

** -CAS бойынша нөмір * * - химиялық реферативтік қызмет тізіліміне енгізілген химиялық қосылыстардың, полимерлердің, нуклеотидтердің немесе амин қышқылдарының биологиялық тізбектерінің, қоспалар мен қорытпалардың бірегей сандық сәйкестендіргіші (ағылш. Chemical Abstracts Service), американдық химиялық қоғамның бөлімшесі болып табылады. Бірегей идентификатор бір нәрсенің мүмкін болатын әр түрлі атауларының проблемасын жою арқылы әдебиеттегі ескертулерді іздеудің ыңғайлылығына арналған. Қазіргі уақытта барлық дерлік химиялық мәліметтер базасында CAS тіркеу нөмірі бойынша іздеу бар. CAS нөмірі сызықшалармен бөлінген Араб сандарының үш тобы түрінде жазылады.

***- Полициклді хош иісті көмірсутектер(ПАУ) бензо(а)пирен, бензо(в)флюорантен, бензо(к) флуорантен , идено (1,2,3-сd)пирен ретінде өлшенеді.

**** - БТЭК - бензол, толуол, этилбензол и ксиллол

Стационарлық көздер туралы ақпарат

Жалпы ережелер		
№ п/п	Наименование	Данные
1	2	3
1	Кәсіпорынның атауы (объект операторы)	
2	Кәсіпорынның БСН	
3	Кәсіпорынның пошталық мекенжайы	
4	Кәсіпорынның бірінші басшысының аты-жөні	
5	Электрондық цифрлық қолтаңбамен деректерге қол қоятын ЛШТТ-ға оның атынан ақпарат ұсынуға тиісті оператор уәкілеттік берген тұлғаның ТАӘ	
6	Есепті жыл	
7	Өнеркәсіптік алаңның нөмірі/ атауы (болған жағдайда)	
8	Өнеркәсіптік алаңның нақты мекен-жайы:	
8.1.	облысы	
8.2.	қаласы	
8.3.	көше / учаске	
8.4.	үй / құрылыс / учаске №	
9	Өнеркәсіптік алаңның географиялық координаттары (оның периметрі бойынша шекаралары және орналасқан жері) (градустар, минуттар, секундтар)	
10	ластағыштар мен қалдықтардың саны туралы ақпарат алу үшін пайдаланылған әдіснаманың түрі	

Объект мәліметтері		
№ п/п	Атауы	Деректер
1	2	3
1	Есептілік ұсынылатын объектінің атауы*	
2	Есептілік ұсынылатын объект қызметінің түрі **	

№ п/п	Облыс	Шығарындылар көлемі (мың тонна/жыл)	Күкірт оксидтері (SOx / SO)	Азот оксидтері (NOx / NOX)	Металл емес Органикалық Ұшпа қосылыстар (НМЛОС)	Аммиак (NH3)	Көміртек тотығы (CO)	Көмірқышқыл газы (CO2)	Көмірсутектер (CH)	Метан (CH4)	Қатты бөлшектерге тұндырылатын органикалық заттар (ӨЖЖ)	Қатты заттар ТЧ10
1												
2												
...	...											

Есепті жылы анықталған қалдықтар туралы деректер			
№ п/п	Полигондардың географиялық координаттары	Есепті жылы анықталған қалдықтың әрбір түрінің саны, т / жыл	
		Пайдаланудың барлық кезеңінде полигонда жинақталған қалдықтардың көлемі	Есепті жылда түзілген қалдықтардың көлемі
1	2	3	4
1			
2			